



БҰЙРЫҚ

№ 84-НҚ 2023 ж. 29.08
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 84-00 29.08.2023
город Астана

**«Ұлттық геологиялық қызмет» АҚ-ның
2022 жылғы есептілікті бекіту туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасы Заңының 177 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2022 жылғы 1 маусымдағы №290 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық геологиялық қызмет» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам)-Жарғысының 7-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тәуелсіз аудитор – «FinExpertiza Kazakhstan» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бекіткен Қоғамның 2022 жылғы таза табысы 9 261 000 (тоғыз миллион екі жүз алпыс бір мың) теңге сомасындағы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілікте 9 261 000 теңге сомасында айқындалған таза табысы мынадай тәртіппен бөлінсін:

70 пайыз, 6 482 700 (алты миллион төрт жүз сексен екі мың жеті жүз) теңге сомасында дивидендтер төлеуге.

30 пайыз, 2 778 300 (екі миллион жеті жүз жетпіс сегіз мың үш жүз) теңге сомасында Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы (Галиев Е.Ф.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде дивидендтерді аударуды жүзеге асыру,

- Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

Е. Акбаров